

# **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМЫ**

**«12»қараша 2018г.**

**Казтұнынудағы Қарағанды экономикалық университеті, Жарғының негізінде әрекет ететін университет ректоры, Ә.Ф.Д. профессор Аймағамбетов Ерқара Балқараұлы бір тараптан, және**

**«Nomad Insurance» АҚ Сақтандыру компаниясы** атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Нуртденов Р.И., екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп, ал жеке «Тарап» деп аталады, талдау және сараптау қызметі саласында екі жақты қатынастарды дамытуға деген қызығушылықты ескере отырып сонымен қатар қаржы саласындағы мамандарды даярлау саласында және Қазақстанның қаржы жүйесінің қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату қызметінде Тараптардың кәсіби және ғылыми әлеуетін барынша толық әрі ұтымды пайдалануға ұмтыла отырып сондай-ақ, жұмыспен және ақпаратпен тәжірибе алмасудың Тараптар үшін ұлken маңызды ие екенін назарға ала отырып төмендегілер туралы келісті:

## **1. Меморандумның нысанасы**

1.1. Тараптар ғылыми, әдіснамалық, ақпараттық, талдамалық және сараптамалық қызмет саласында ынтымақтастықты жүзеге асырып, сондай-ақ мемлекеттік қаржы мамандарын дайындау және мемлекеттік қаржы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

1.2. Тараптар осы Меморандумның ережелерін барынша толық әрі тиімді іске асыру үшін күштерін біріктіруге және Тараптар арасында өзара тиімді әріптестік қатынастарды орнатуға өздерінің әзір екендіктерін білдіреді.

1.3. Осы Меморандум Тараптар ынтымақтастығының басты бағыттары мен нысандарын айқындайды, құжаттарды (әдістемелерді, баяндамаларды, қорытындыларды және т.б.) бірлесіп дайындау үшін, сондай-ақ бірлескен зерттеу, ақпараттық және өзге де жобаларды іске асыру үшін негіз болып табылады. Тараптар дербес шарттар негізінде нақты бірлескен жобаларды іске асыруды және құжаттарды дайындауды жүзеге асырады.

## **2. Үнтымақтастық нысандары**

2.1. Тараптардың осы Меморандумның аясындағы ынтымақтастығын мынадай нысандарда іске асыруға болады:

- бірлескен зерттеулерді, бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру;
- әлеуметтік-экономикалық даму және қаржы жүйесінің дамытудың өзекті мәселелері бойынша сараптамалық қорытынды дайындау;
- өзара (келісім бойынша) ақпаратпен, құжаттармен, әдебиетпен және библиографиялық басылымдармен алмасу және өзара кеңестер (консультациялар) беру;

- қаржы саласында мамандар дайындау және қаржы саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмыстарын бірлесе атқару;
- қаржы, бюджеттік қарым-қатынастар және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер саласындағы мемлекеттік басқарудың салаларында бірлескен ғылыми, оқу, ақпараттық, аналитикалық басылымдарын (монографиялар, оқулықтар, қуралдар, баяндамалар, мақалалар) дайындау;
- бірлескен ғылыми симпозиумдар, семинарлар, конференциялар, кеңестер, дәңгелек үстелдер және басқада өзара қызығушылық, тудыратын мәселелер бойынша іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу;
- тараптар қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды өзара жүзеге асу магистранттар мен PhD докторанттарының диссертацияларын рецензиялауды және оппонентеуді жүзеге асыру;
- басылымдар мен ғылыми-әдіснамалық жұмыстарды өзара рецензиялауды жүзеге асыру;
- бітіруші курс студенттерінің, магистранттар мен PhD докторанттарының кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізу;
- тараптармен оқыту іс-шараларын өткізу үшін өзара қызметкерлер беру;
- тараптардың құрылыш жатқан алқалық, консультациялық-кеңестік ғылыми органдарында Тараптар өкілдерінің қатысуы;
- тараптар қызметкерлерінің тәжірибе алмасуын, кездесуін және оқыту семинарларын, тренингтерін, тағлымдамадан өтуін;
- тараптардың ынтымақтастығы осы Меморандумның іске асырылуын қамтамасыз ететін өзге де келісілген нысандарда жүзеге асырыла алады.

### **3. Үнтымақтастықты ұйымдастыру**

- 3.1. Тараптар осы Меморандумді орындау жөніндегі өзара іс-қимылдарды үйлестіру үшін Тараптардың өкілдері арасынан жұмысшы топ құра алады.
- 3.2. Үнтымақтастықтың (жұмыстардың, жобалардың) жекелеген бағыттарын іске асыру үшін Тараптардың белгіленген тәртіппен жекелеген шарттар (келісімдер) жасасуға мүмкіндігі бар.
- 3.3. Тараптар осы Меморандумның орындалуын және қажет болған жағдайда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талқылау үшін, жылына кем дегенде бір рет, Тараптардың өкілдерінің кездесулерін өткізуге келісті.

### **4. Тараптардың міндеттемелері**

- 4.1. Тараптар осы Меморандум бойынша кабылдаган міндеттемелерін орындау үшін бір-біріне барынша жәрдемдесуге ұмтылатын болады.
- 4.2. Осы Меморандумның ережелерін осы Меморандумде санамаланған бағыттар бойынша жұмыстар мен зерттеулерді дербес орындау, жобаларды іске асыру жөніндегі Тараптардың құқықтарына қысым жасау ретінде қарастыруға болмайды.
- 4.3. Тараптар осы Меморандумның, орындау мақсатында жыл сайын келесі жылға, қаржы мүмкіншілігін елестетіп, ынтымақтастық нақты жобаларын үйлестетеді.

## **5. Дауларды шешу**

5.1. Осы Меморандумның ережелерін орындауға байланысты Тараптар арасында туындаған келіспеушілктер келіссөздер жолымен шешілуге жатады.

## **6. Корытынды ережелер**

6.1. Тараптар қол қойған сәттен бастап осы Меморандум күшіне енеді және белгіленбекен мерзім бойы қолданыста болады.

6.2. Тараптардың өзара келісуі бойынша Меморандумді өзгертуге немесе толықтыруға болады. Осы Меморандумге толықтырулар мен өзгерістер жазбаша түрде (екі данада) жасалады және оған Тараптар қол қояды.

6.3. Осы Меморандум Тараптардың бірінің бастамасы бойынша екінші Тарапты Меморандумның болжанып отырған бұзылу күніне дейін 45 күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауы арқылы бұзылуы мүмкін.

6.4. Меморандумның қолданысының тоқтатылуы Тараптардың оны іске асыру мақсатында жасасқан шарттарын (келісімдерін) бұзуға негіз болып табылмайды.

## **7. Жақтардың заңды мекен-жайы:**

Карагандинский экономический  
университет Казпотребсоюза  
100009, г. Караганда  
ул. Академическая, 9  
Тел.: 44-16-34, внутр.: 194  
Ректор университета, д.э.н.  
профессор Е.Б.Аймагамбетов

  
(подпись руководителя)  
М.П.

КФ АО страховая компания  
«Nomad Insurance»  
100012, г. Караганда, ул. Ерубаева, 68  
+7(7212)47-91-28  
+7(7212)47-93-91  
[www.icn.kz](http://www.icn.kz)

Директор

  
(подпись руководителя)  
М.П.

Р.И.Нуртденов